

Қарағанды мемлекеттік университетінің математика және ақпараттық технологиялар факультетінің 2 курс студенті Торғаева А.К.

*Академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қазақстан*

**ПЕДАГОГ ТҰЛҒАСЫНЫҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІНІҢ
МАҢЫЗЫ**

Тұңғыш президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан мұғалімге жүктелген міндет ауыр» деген болатын.

Мұғалім – қоғам айнасы. Осы ұғым әншейін айтылған тіркес қана емес, бүгінгі қоғамымыздың дамуындағы ұстаздық қызметтің талабын, қыры мен сырын, жауапкершілігін айқындап бергендей. Бүгінгі мұғалім – қоғам қалаушысы, ана мен бала бағбаны, ол – қоғам қайраткері, жаңалықты дәріптеуші, таратушы. «Ұстаз тумысынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын, олардың ешбірін ұмытпайтын, алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны таза және әділ, жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін, қорку мен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» – деп шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл Фараби ұстаз болмысын айқындаған екен. Олай болса, жауапкершілігі шексіз, қадірі мол мамандық иесінің ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі алар орнын әр мұғалім бар болмысымен сезінгені абзал. Өйткені, бәсекеге қабілетті тұлға даярлауда білім сапасын көтерудің негізгі тетігі – кәсіби біліктілігі жоғары педагог деп білеміз.

Қазіргі таңда ғылымда педагог тұлғасының, оның іс-әрекеті мен қарым-қатынасының құрылымындағы компоненттерді ажыратудың әртекті тұрғылары, оның кәсіби біліктілігінің ерекшеліктері мен қайталанбастығы туралы әрқилы көзқарастар қалыптасқан. Педагог тұлғасының құрылымындағы маңызды компоненттерді оның:

- кәсіби-педагогикалық мақсаттылығы;
- кәсіби белсенділігі;
- кәсіби біліктілігі мен іскерлігі;
- кәсіби педагогикалық қабілеттері, есі, ойлауы және қиялы.

Педагогтің кәсіби мақсаттылығы – оның жеке кәсіби педагогикалық мәдениетін көрсететін өлшем. Ал кәсіби белсенділік оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тұрақты іздестіруде, туындаған міндеттерді ерекше үлгіде шешу іскерлігінде, әкімшілікпен, қызметтестерімен, ата-аналармен, оқушылармен қатынастарын жетілдіру қабілетінде, өзінің жұмысын талдауда, өзін-өзі тәрбиелеудің барлық құралдары мен тәсілдерін қолдана отырып, өзін-өзі дамытумен айналысуда анықталатын педагогтік нормативтердің шеңберінен шығу, өзінің іс-әрекетінің аумағын тұрақты түрде кеңейтіп отыру ұмтылысымен сипатталады [1].

Педагогтің кәсіби білімі мен іскерлігі кәсіби даярлықтың негізін құрайды. Кәсіби білімдер әртекті келеді: ол – өзінің пәнін жақсы білу, педагогика, психология, әдістемелер саласындағы, өзге адамдармен қатынастарды орнату аумағындағы білімдері, өзінің кәсіби мүмкіндіктеріне қанық болуы.

«Өнер де, білім мен даналық та, егер оны үйренбесе, қолға түспейді» деген Демокриттің ойы бүгінгі таңда педагогикалық кәсіби шеберлікке қолжеткізудің пәлсапасы іспеттес. Сондықтан педагогтің өзін-өзі кәсіби ұғынып, үздіксіз жетіліп отыруы да аса маңызды. Белгілі педагог К.Ушинский: «Мұғалім-өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім. Оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімділігі де тоқтайды» – деген. Ұстаздың өзінің шәкірт бола білуі қажет. Өзін-өзі жүйелі түрде дамытып отыратын, белсенді тәрбиелеп отыратын ұстаз ғана өзгелерге тиімді көмек көрсетіп, өзін-өзі тәрбиелеу мәдениетіне ықпал ететін ахуалды қалыптастыра алады. Олай болмаған жағдайда оның оқушыларды дамытуға ынталандыру іс-әрекеті оның дербес тәжірибесімен бекітілмей, тек баяндаушы сипатта қалып қояды. «Нағыз тәрбие ережелерден емес, жаттығулардан тұрады» демекші, дағдылы жұмыс күндерінің өзінде мұғалімнің тұлғалық-кәсіби өсуі мен жетілуі – міндетті шарты болып табылуы

керек. Мұғалім өзінің алдына қойған кәсіби мақсатын нақты сезінген жағдайда ғана өз ісіне есеп беруі, өзін-өзі дамыту арқылы жаңашылдыққа құлшынысы арта бастайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Алпысов А.Қ., Кервенев Қ.Е. Мектепте математканы оқытудың тәрбиелік мәні. Педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру: дәстүрлер мен инновациялардың өзара әрекеттесуі. Респ.ғылыми-тәжірибелік конф. материалдары. (23-24 қазан 2018ж.)- Қарағанды,2018. – Б. 173 - 178.